

**6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Накыпова Гулнур
Кабылтаевнаның «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның дербестікке, субъектілікке, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі білімдендіруге қарай беталысы ерекше құндылық болып есептеледі. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі білім магистрлерін «дүниені танитын адам» ретінде даярлауда магистранттардың қабылдау мобильділігі, жемісті еңбек етуі, білім алу стратегияларына әртүрлі көзқарасы, ойлаудың ашықтығының болуы түрлі құзыреттіліктердің қалыптасуына негіз болады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог: тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; ...өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға міндетті» деп берілуі және Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, ...ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу болып табылады» деп көрсетілуі магистранттардың кәсіби құзыреттілігінің критерийлерін күшейтуге қызмет етеді. Осы ретте Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациясы аталмыш құжаттармен сәйкестігі бар.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе	Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім

		нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс («6D010300/8D0110 – «Педагогика және психология») бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Г.К.Накыпованың «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық зерттеуі ғылымға елеулі үлесін қосады. Осы орайда магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған ғылыми-педагогикалық теория мен практиканың қажеттілігінің артуы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-теориялық және әдістемелік маңызын жетілдіреді. Докторанттың зерттеу жұмысының маңыздылығы келесідей: - бірінші, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ғылыми білімдерде философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілерінде теориялық негіздерінің айқындалуымен, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың негізделуімен ғылымға елеулі үлесін қосады және осы орайда маңыздылығы ашылған; - екінші, «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны, құрылымына нақтылаулар жасалып, маңыздылығы ашылған және ғылымға елеулі үлесін қосады; - үшінші, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық

			моделінің жасалуы ғылымға елеулі үлесін қосады және модельдеуде маңыздылығы ашылған; - төртінші, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің дайыналып, тәжірибеде өткізілуі және оның тиімділігінің тәжірибе жүзінде дәлелденуі ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Г.К.Накыпованың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігін зерттеу проблемасына қатысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасалған талдауынан; тұжырымды ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; ғалымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; әдістемесі жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысын рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттауынан да көруге болады, диссертациялық жұмыстың тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланысқан, дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Г.К.Накыпованың зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Проблеманың өзектілігін талдау ең алдымен, қоғамның сұранысын қанағаттандыруда көп деңгейлі педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен оның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттарды дайындауда ғылыми негіздерінің жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі; екіншіден, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарды дайындаудағы жасалатын жағдайлар мен магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін әлеуетті жеткіліксіз пайдалану; үшіншіден, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық теория мен практиканың қажеттілігінің артуы мен оны жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде жүзеге асыруға әдістемелік жолдарының толық айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін табуда диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігі негізделген.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Докторант Г.К.Накыпованың «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертация 3 тарау бойынша диссертация мазмұны оның тақырыбын <i>айқындайды</i>. Зерттеу жұмысының 1-тарауында өзіндік жұмыс – магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде түсіндіріліп талданады. Тараушада «өзіндік жұмыс», «магистранттардың өзіндік жұмысы», «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда теориялық талдаулары жүйеленіп, магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыру арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі ұғымдардың мазмұны мен құрылымы, қызметтері нақтыланады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары беріледі. 2-тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әлеуеті түрлі стратегиялардың, әдістер мен формалардың ұйымдастырылу мазмұнын талдаумен ерекшеленіп, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, анықталған шарттарды жүзеге асыруда құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделіп ішкі бірлік принципінде беріледі. 3-тарауда магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған диагностикалық жұмыстардың мазмұны және магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі дайындалып ұсынылады. Ұсынылған әдістеменің мазмұны талданып, оның тиімділігі бақылау экспериментінің нәтижелерінде көрініс табады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық

	келеді; 3) сәйкес келмейді	негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу деп тұжырымдап, оған төрт міндет арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеттері осы мақсаттан туындайды: Зерттеу жұмысының 1-міндетіне сәйкес, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты талдау негізінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалады. Бұл зерттеудің бірінші міндетін шешуді қамтамасыз етеді. Зерттеудің 2-міндетіне сәйкес, «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны, құрылымы нақтыланған. Зерттеудің 3-міндеті бойынша магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Зерттеудің 4-міндетіне сәйкес, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі дайындалып және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілген, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. Диссертациялық жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдерінде қамтылады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы <i>логикалық толық байланысқан</i>, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық-әдіснамалық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы және бақылау эксперименттерінің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, оның құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу, тәжірибелік-эксперимент

		салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	нәтижелерін сандық, сапалық тұрғыда талдауда сыни талдау бар . Алынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант Г.К.Накыпованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. <i>Бірінші нәтиже - толығымен жаңа.</i> Диссертацияда заманауи құбылыстарды, нормативтік дереккөздерді, ғылыми әдебиеттерді, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделіп; жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар мен әдіснамалық ұстанымдар сипатталған. <i>Екінші нәтиже – толық жаңа.</i> Диссертацияды маңызды деп саналатын негізгі ұғымдар «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы – ғылыми кеңесші – магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтыланған. <i>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталып құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. <i>Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі («Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби

		құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы), «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы алғаш рет ұсынылған.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары келесідей: <i>-бірінші қорытынды</i> магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидаттарына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағыттарымен байланыста, психологиялық, педагогикалық және жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар мен әдіснамалық ұстанымдардың түзілуі толығымен жаңа болып табылады. <i>Екінші қорытынды бойынша</i> «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы – ғылыми кеңесші – магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтылануы толығымен жаңа болады. <i>Үшінші қорытынды</i> ретінде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-мазмұндық, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайды және

			өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес жүзеге асырылуы толығымен жаңа болып табылады. <i>Төртінші қорытындыда</i> магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі жасалып, «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы және «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен толығымен жаңа болып саналады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс барысында жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу қорытындылары теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, қағидалар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ЖОО-да болашақ маман даярлауда, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті педагог мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болатындығы дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	Бірінші қағидат: Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде күрделі динамикалық жүйесі екенін түсінуге жағдай жасалады. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. 7.1 Бұл қағидатта магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық маңыздылығы ашылып, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың айқындалуымен дәлелденген.

	2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2 Тривиалды емес. 7.3 Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген. 1.«Кәсіби құзыреттілік: мәні және негізгі қағидалары». Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019. 208-213 бб.; 2.«Формирование профессиональной компетентности магистрантов на основе самостоятельной работы». Методологические ориентиры развития современной научно-дидактической мысли. Сборник научных трудов Всероссийской сетевой научной конференции 2018г. 247-250 с. Екінші қағидат: «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» түсініктерінің мазмұны, құрылымы нақтыланды. 7.1 Бұл қағидатта магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ұғымдық-категориялық негіздері көрініс тауып, «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы – ғылыми кеңесші – магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының траекториясы»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтылану қағидаты дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген. «К вопросу формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов в условиях магистратуры». «With proceedings of the i international scientific and practical conference «theoretical and practical aspects of modern scientific research». Үшінші қағидат: магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық
--	--	---

		моделі жасалды. 7.1 Бұл қағидатта магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-мазмұндық, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайтын, осыған сәйкес реттелетін өлшемдер мен көрсеткіштердің және деңгейлерінің анықталуымен жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалу қағидаты дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген. 1. «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыс магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру базасы ретінде». Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024ж., 154-167 б. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.021 2. Formation of postgraduate student's professional competences through independent work». Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. Cypriot Journal of Educational Science. Volume 17, Issue 6, (2022) 1888-1900 https://doi.org/10.18844/cjes.v17i6.7544 Төртінші қағидат: магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін дайындалды және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді. 7.1 Төртінші қағидатта магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы және «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы және «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралының дайындалу қағидаты дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.
--	--	--

			1. «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыс магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру базасы ретінде». Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024ж., 154-167 б. https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.81.1.021 2. «Professional competence establishment for postgraduate education professionals through self-study» Scientific Herald of Uzhhorod University. Series «Physics» – 2024. Issue 56 – P. 2071-2080
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Зерттеу барысында басшылыққа жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар мен әдіснамалық ұстанымдар ғылыми тұрғыдан негізделген. Г.К.Накыпова әдістеменің таңдауы негізделген, әдістемелерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені анықталған. Т.И.Ильиннің «ЖОО-дағы білім беру мотивациясы» бейімделген сауалнамасы; М.Рокич бойынша құндылық бағдарлар әдісі; магистранттардың дидактикалық дағдыларын диагностикалауға және талдауға арналған бейімделген сауалнама; өзіндік жұмыстар арқылы ғылыми-зерттеу аймағын диагностикалауға және талдауға арналған сауалнама (И. В. Никишина, И. А. Сазонов); А.В.Карпов бойынша рефлексивтіліктің жеке өлшемін диагностикалау әдісі; В.Д.Шадриков, И.В.Кузнецова бойынша магистранттардың педагогикалық шеберлігін өзін-өзі бағалау парағы, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжіибелік эксперимент жұмысын жүргізу, нәтижелерді математикалық-статистикалық (сандық, пайыздық көрсеткіштермен) әдістерді қолданған. Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік	Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделімен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Ия. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.

		зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Г.Накыпованың диссертациясындағы эксперименттік жұмысына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің (56) және Болашақ университетінің (46) 7М01104 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар қатысты. Олардың 46-сы – бақылау тобы, 56-сы – эксперименттік топ.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды . Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Докторант зерттеу жұмысы барысында 226 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Атап айтсақ: 1. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; 2. «Өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» түсініктерінің мазмұны, құрылымы нақтыланған; 3. Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған;
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары . Себебі: - «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы тәжірибеге ендірілген; - «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық бағдарламасы жасалып, тәжірибеден өткізілген; - «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы дайындалып, тәжірибеге

			ендірілген; - зерттеу нәтижелерін ЖОО-нан кейінгі білім беруде және біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын, зерттеу барысында алынған нәтижелерді ЖОО-нан кейінгі білім беруде және біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Ғылыми баяндау стилі толығымен қамтамасыз етілген. Диссертация ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай сауатты жазылған жұмыс болып табылады. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Докторант Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыда сауатты жазылған еңбек деп айта аламыз. Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша келесідей ескертулер беріледі: 1. Диссертацияның теориялық бөліміндегі түсініктерге, соның ішінде «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтылау жасалған. Алайда, көпфункционалы үдерістің барысын жеке талдап көрсеткенде, ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы артар еді; 2. 2-тарауда құрылымдық-мазмұндық модельдеу өте жоғары деңгейде құрылымдалған, әрбір өлшемге 5 көрсеткіштен барлығы 15 көрсеткіш көрініс тапқан. Модельде «ғылым құбылыстарын академиялық сипаттауға, академиялық жазылымға ұмтылысы; кәсіби мамандық механизмдерін тәжірибемен, ғылыммен ұштастыруға ынтасы; диалектикалық ойларды терең түсінуге ішкі интуициясы; теориялық ережелердің локусын тұжырымдау білімі; академиялық сөйлеу мен жазылым тұрғысынан ғылыми стилі; педагогика және психология саласы бойынша IQ ойдың көптілігі; өзіндік жұмыстарды орындау негізінде өз білімін прогрессивті модельдеуі» деген көрсеткіштерге аса терең қызығушылық туындап отыр. Осы секілді көрсеткіштердің мәнін тереңірек түсіндіру қажетті бар секілді және диссертацияның құндылығы жоғары болар еді. Алайда, бұл ескерту диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.	
12.	Қорытынды	Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Накыпова Гулнур Кабылтаевнаға 6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология»	

		мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.
13.		

Ресми рецензент:
Алматы гуманитарлы-
экономикалық университеті
PhD доктор



Д.Қ.Садирбекова

